



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

3-денгейдегі СМЖ құжаты

2016 жылғы «02» 12  
№1 басылым

E 029.06.11.3.01–2016

«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ  
Тәртіптік комиссиясы туралы  
ЕРЕЖЕСІ

E 029.06.11.3.01–2016

Алматы 2016

**Алғы сөз**

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Әкімшілік департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ**.

Әкімшілік департаментінде  
директоры  
«21» 11 2016 ж.

**2 КЕЛІСІЛДІ:**

Ректор аппаратының басшысы  
«30» қараша 2016 ж.



Квашин Ю.Квашнина

Б.Мықтыбаев

Қауіпсіздік және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі басқарушы директор  
«30» қараша 2016 ж.

Қызыметкерлер кәсінодағы  
комитетінде төрағасы  
«29» қараша 2016 ж.

Білім алушылар кәсінодағы  
комитетінде төрағасы  
«28» 11 2016 ж.

Корпоративтік даму департаментінде  
директоры  
«25» 11 2016 ж.

Мониторинг және білім сапасын бағалау  
басқармасының бастығы  
«24» 11 2016 ж.

Кадрлар бөлімінде бастығы  
«23» 11 2016 ж.

Заң жүзінде қамтамасыз ету  
бөлімінде бас заң кеңесшісі  
«23» қараша 2016 ж.

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінде  
жетекші маманы  
«02» 11 2016 ж.

Мұратәлиев Г.Мұратәлиев

Калиң Ж.Қалиақпарова

Файзуллаева Ж.Файзуллаева

Сауранбаева А.Сауранбаева

Ақжанова Н.Ақжанова

Долдаханов Н.Долдаханов

Изатоллаева А.Изатоллаева

3 ҚазҰТЗУ Басқармасының 2016 жылғы «      »        №       бүйрекімен  
**БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

## МАЗМҰНЫ

1 Негізгі міндеті	5
2 Қызметтің нормативтік негіздемелері	5
3 Терминдер, белгілеу, қысқартулар	5
4 Комиссияның міндеті және қызметі	6
5 Комиссия құрамы	6
6 Комиссия қызметін ұйымдастыру	6
7 Комиссияның құқығы	8
8 Өзгерістерді тіркеу парагы	9

## 1 Негізгі міндеті

1.1 Осы ереже «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Тәртіптік комиссиясы (бұдан әрі – Университет) қызметінің мәртебесін, өкілеттілігін, үйымдастырылуы мен тәртібін анықтайды.

1.2 Университеттің Тәртіптік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) Университет қызметкерлері мен білім алушыларының (студенттердің, магистранттар мен докторанттардың) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы мен еңбек заңдарын орындау, еңбек және оку пәндерін нығайту мәселелерін қарайтын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

## 2 Қызметтің нормативтік негіздемелері

2.1 Комиссия қызметі келесідей нормативтік күжаттармен регламенттеледі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен;
- 2015 жылдың 18 қарашасындағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- Білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді және осы Ережені.

## 3 Терминдер, белгілеу, қысқартулар

3.1 **Тәртіптік жаза** – қызметкердің, білім алушының еңбек, оку және/немесе атқарушылық тәртіпті бұзына, тәртіптік теріс қылық жасауына байланысты оған берілетін жаза.

3.2 **Қызметтік тергеу** (қызметтік тексеру) – жан-жақты, толық және обьективті жиын бойынша өндірістегі тәртіп шеңберіндегі және қызметкерлердің, білім алушылардың тәртіптік теріс қылық жасау деректері, немесе өздерінің қызметтік міндеттерін орындағандығы, еңбек тәртібін бұзғандығы, оку немесе атқарушылық тәртіп бойынша материалдарды зерттеу бойынша қызмет.

3.3 **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар** – 2015 жылдың 18 қарашасындағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;

3.4 **ҚР – Қазақстан Республикасы.**

## 4 Комиссия міндеті және қызметі

Комиссияның негізгі міндеттері – Университеттің барлық қызметкерлерімен және білім алушыларымен Еңбек заңнамалары мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындауға жәрдемдескені үшін бақылау, еңбек, оқу немесе атқарушылық тәртіпті нығайту болып табылады.

Міндеттерді орындау үшін комиссия келесі қызметтерді:

- тәртіптік істерді қарау және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы және еңбек заңдарын, ҚазҰТЗУ-дың ішкі тәртіп ережесін бұзған айыпты тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы Университет ректорына ұсыныстар дайындауды;

- қызметкерлер мен білім алушылардың еңбек және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды бұзу себептері мен және шарттарын талдауды;

- Университет білім алушылары мен қызметкерлерінің еңбек тәртібін нығайту, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы және еңбек заңдарының талаптарын сақтауларын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстарды Университет ректорына енгізуді жүзеге асырады.

## 5 Комиссия құрамы

5.1 Комиссия құрамына: комиссия төрағасы, төраға орынбасары, комиссия мүшелері мен хатшы кіреді.

5.2 Комиссия дауыс беруге құқығы бар хатшыны қоса алғанда, кем дегенде 5 адамнан тұрады.

5.3 Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс.

## 6 Комиссия қызметін ұйымдастыру

6.1 Комиссия төрағасы:

- Комиссия қызметінің нәтижелері бойынша әр тоқсан сайын Университет ректорына есеп береді (немесе қажет болған жағдайда);

- Университет ректорына жылдық есепті ұсынады (оқу жылының соңында);

- қажет болған жағдайда комиссияға жүктелген міндеттерді шешу үшін басқа құрылымдық бөлімдермен өзара әрекетті ұйымдастырады;

- Комиссияға жүктелген осы ережеде белгіленген міндеттер мен қызметті орындау үшін жеке жауап береді және басқарады, ұйымдастырады, басшылық етеді;

- Комиссия отырысының күн тәртібін анықтайды;

- Комиссияның отырысын шақырады және оларға төрағалық етеді. Комиссия төрағасы болмағанда, отырыстарда оның өкілеттігіне комиссия

тәрағасының орынбасары тәрағалық етеді;

- Комиссия отырысында қаастырылатын нақты бір мәселе бойынша баяндамашыны белгілейді.

#### 6.2 Комиссия хатшысы:

- Комиссия отырысының күн тәртібі, отырыстың болатын күні мен уақыты туралы Комиссия мүшелеріне ақпарат береді;

- Комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді;

- Комиссия шешімін тиісті бөлімшеге орындауға жібереді.

6.3 Комиссия шешіміне тәраға, хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді және қабылданған күннен бастап бес күн ішінде мұдделі болімшелер мен тұлғалардың назарына жеткізіледі.

6.4 Комиссия мүшелері отырысқа дейін үш күн ішінде материалдармен таныс болулары керек.

6.5 Комиссияның жазалау туралы шешім шығаруы, сонымен қатар еңбек зандарымен көзделген тәртіптік жазалау ережелерімен, сондай-ақ құқық қорғау органдарының актілерімен анықталады.

6.6 ИБК тәрағасы оқытушылардың еңбек тәртібін бұзуы туралы (ҚазҰТЗУ 705-09 Y) және ағымдағы айдың әр дүйсенбісінде сабак өткізбегендігі туралы ескертулермен анықтаманы және қосымшаларымен актілерді КДД директорына тапсырады.

6.7 КДД директоры ай сайын Университет Тәртіптік комиссиясының тәрағасына ПОҚ-тың еңбек тәртібін бұзуы туралы ақпаратты береді.

6.8 Анықталған бұзушылық дерегі бойынша қызметтік тергеу – белгіленген қолданыстағы заңнамалық тәртіpte және мерзімде жүргізіледі.

6.9 Қызметтік тексеру жүру үшін Университет лауазымдық тұлғасының атына түскен хабар, өтініштер мен басқа да ақпараттар негіз болып табылады.

Аноним өтініштер қаралмайды.

6.10 Комиссия отырысы қажет болған жағдайда өткізіледі және егер Комиссия мүшелерінің жалпы санынан кем дегенде үштен екісі оған қатысқанда құқықты деп саналады.

6.11 Комиссия Комиссия мүшелерінің отырысына қатысқандардың санынан жай көп дауыс берушілердің шешімімен қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде тәрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

6.12 Комиссия отырысында тәртіптік іс қозғалуға қатысы бар тұлғаның қатысуы міндетті болып табылады.

6.13 Комиссия тәртіптік істі қарau қорытындысы бойынша келесі шешімдердің бірін шығарады:

- КР қолданыстағы еңбек зандарына сәйкес Ректорға тәртіптік жазалауды ұсыну;

- тәртіптік істі тоқтату;

- қызметкердің, білім алушының әрекеттерінде сыйайлар жемқорлықпен құқық бұзушылық белгілері болған кезде құқық қорғау органдарына тиісті құжаттар мен материалдарды тапсырады.

6.14 Комиссия шешімі ұсыным сипатында болады және Ректор атына тиісті өтініш/қолдау хат жазу жолымен шагым берілуі мүмкін.

6.15 Комиссия қызметтік істі мына жағдайда тоқтатады:

- ҚР қолданыстағы заңдарында көзделген тәртіптік жазалау мерзімдері біткенде;

- тәртіптік іс дәлелсіз қозғалғанда;
- тәртіптік теріс қылық құрамы болмағанда.

## **7 Комиссия құқығы**

7.1 Комиссия негізгі міндеттерді орындау және жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіpte құқылы:

- ҚазҰТЗУ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен өзге де қызметкерлерін/білім алушыларын мәжілісте тыңдау үшін шақыруға;

- Комиссия қарайтын іске қатысты қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпараттарды сұратуға;

- қаралатын іске қатысты ақпараттарды игерген қызметкерлерден/білім алушылардан, өзге де тұлғалардан жазбаша түсініктемелерді талап етуге;

- сыйайлар жемқорлықпен құқық бұзушылық және еңбек тәртібін бұзы деректері бойынша қызметтік тексерулер жүргізуі тапсыруға;

- ҚазҰТЗУ қызметкерлеріне/білім алушыларына қатысты тексеру және тергеу жүргізу үшін құқық қорғау органдарына жүгіну қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізуға;

- өз құзыры шегінде қогамдық ұйымдармен өзара әрекетті жүзеге асыруға;

- сыйайлар жемқорлықпен құқық бұзушылық және тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуға.

**Өзгерістерді тіркеу парагы**

күжатты белгілеу

Өзгерістің реттік нөмірі	Күжаттың белімі мен тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты- жөні, қолы, лауазымы